

Е.М. Тұрғынбаев,

т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

**Эдуард Уади Саидтың
«Ориентализм» еңбегінің қазақ тілінде шыққан
(Алматы, 2019. Ұлттық аударма бюросы,
аудармашылар Т. Мұхтаров, Қ. Аманжол) аудармасына
ПІКІР**

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында қазақ тіліне аударылған араб текті америкалық интеллектуал, зерттеуші, сыншы, философ, Палестина халқының құқығын қорғауға атсалысқан қоғам қайраткері Э.У. Саидтың 1978 жылы жарық көрген «Ориентализм» атты академиялық еңбегі Шығыс пен Батыстың көп ғасырлық қарым-қатынасын, отаршылдық, отаршылдықтан кейінгі кезеңдердегі Шығыс тарихына, мәдениетіне және т.б. құбылыстарына байланысты Батыстық, әсіресе ағылшын, француз және америкалық ойшылдар, шығыстанушылар, т.б. зерттеушілердің еңбектеріне сыни, жаңашылдық көзқараспен қарауда өзіндік орны бар зерттеу болып табылады.

Э.У. Саидтың «Ориентализм» кітабы ХХ ғасырдың 70-жылдарының соңында Батыс тарихнамасында жаңа уақыттағы отаршылдық, Шығыс пен Батыстың өзара қарым-қатынасы мәселелерін зерттеуде бүкіл гуманитарлық білімдер эволюциясына революциялық әсер етті. Белгілі бір қарама-қайшылықтарына қарамастан, бұл еңбегінде Э. Саид Шығыс туралы түсініктер жүйесін қалыптастыруда пәнаралық (әдебиеттану, антропология, аймақтану, мәдениеттану, т.б.) зерттеулер негізінде сыни дискурстар арқылы ориентализмді жаңа сатыға көтерді.

«Ориентализм» еңбегінің 1995 жылы толықтырып шығарылған 2-басылымының сөз соңында Э. Саидтың жазуы бойынша, 1979 жылы бұл еңбек Америкада, Англияда да жеке басылым болып шығып, көптеген пікір туғызды. Кейінірек, «Ориентализм» жапон, неміс, араб, португал, италия, поляк, испан, каталон, түрік, серб, хорват, швед және т.б. тілдерде жарық

көрді. Осы орайда, орыс тілінде «Ориентализм» 2006 жылы және 2016 жылы 2-басылыммен түзетіліп, толықтырылып қайта басылып шықты (қараңыз: Саид Э.В. Ориентализм. Западные концепции Востока / послесл. К.А. Крылова, пер. с англ. А.В. Говорунова. – СПб., 2006, Саид Э.В. Ориентализм. Западные концепции Востока. Изд. 2, исп. и доп. тер, с англ. И послесловие А.В. Говорунова. – СПб.: Русский Мирь, 2016). Сонымен қатар, Э. Саидтың біраз мақалаларымен қатар 1993 жылы жарық көрген «Культура и империализм» (Culture and Imperialism) орыс тіліне 2012 жылы аударылғанын ескергеніміз жөн. Бұл мәселеге кейінірек қайта ораламыз.

Енді тікелей, Э.У. Саидтың «Ориентализм» академиялық еңбегінің қазақша аудармасына қысқаша тоқталайық.

Кешігіп аударылғанына қарамастан студенттермен қатар Батыс пен Шығысқа жаңаша қарағысы келетін қазақ тілді барша оқырманға арналған «Ориентализм» аудармасын қолға алып, оқу барысында қуанышымыз су сепкендей басылды. «Алғысөз» орнына ма, жоқ, «Шығысты «Батысша» түсінудің бір баяны» ма, содан бір үзінді келтірейік: ««Ориентализмнің» қазақша тәржімесінде аз-маз стильдік қатенің ұшырасуы – заңдылық. «Көш жүре түзеледі». Ұлттық аударма бюросының заманауи академиялық тәржіме орталығын қалыптастыру әрекетін тарихи маңыздылығы жағынан ІХ ғасырда Бағдатта халиф әл-Мамун ашқан үйімен («Бәйт әл-Хикма») және ХХ ғасырдың басындағы алашордашыл аудармашылардың мектебімен салыстырар едім», – дейді. ІХ ғасырға бармай-ақ қояйық, ал ХІХ ғасырдың алашордашыл, әсіресе Ахмет

Байтұрсынұлы, қайраткерлердің аудармалары, Кеңестік дәуірдегі қалыптасқан әдеби, ғылыми аудармалар мектебінің тәжірибелерін көре отырып, «көш жүре түзеледі», – дегенімізге не жорық? Бұл жерде, академиялық зерттеу еңбектерін басқа тілдерден қазақ тіліне аударуда қазақ тілінің грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық және басқа да заңдылықтары қатаң сақталуы қажет.

«Ориентализмнің» қазақ тіліндегі аудармасында қазақ тілінің ғылыми заңдылықтары сақталуы, яғни сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің дұрыс сақталмауы, грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық қателіктердің жиі ұшырасуы қазақ тіліне аудару барысында техникалық құралдарын қолданған ба деген күдік ұялатады. Сонымен қатар, аудармада қазақ тілдес оқырмандар үшін кездесетін қиыншылықтар, атап айтқанда, ағылшын, француз тілдеріндегі кейбір сөздер, афоризмдер немесе үзінділер аударылмай түпнұсқа түрінде кездеседі.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін, Э.У. Саидтың «Ориентализм» еңбегінің қазақша аудармасында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерге қысқаша тоқталайық.

Біріншіден, «Ориентализм» қазақстандық шығыстанушылар, тарихшылар, мәдениеттанушылар үшін, жалпы Шығыс пен Батыс қарым-қатынастарына қызығушылық танытатын оқырман үшін «зор олжа» дейтіндей, бұл жерде қазақстандықтардың орыс тілін жақсы білетінін ескерсек, құбылыс емес. Себебі, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, «Ориентализмнің» әлемдік шығыстану, саясаттану, мәдениеттану және басқа да гуманитарлық салаларда үлкен резонанс тудырғанына байланысты, орыс тілінде екі рет басылып шығуы, шет тілін (ағылшын) білмейтін оқырмандардың осы еңбекпен танысуына жол ашты. Егер де, «Ориентализмнің» орыс тіліндегі 2006 жылғы аудармасы интернет желісінде тегін қолжетімді (Э. Саидтың басқа да орыс тілі аудармасындағы шығармаларымен қатар) екендігін ескерсек, онда қазақстандық оқырмандардың «Ориентализмнің» қазақша аудармасына салыстырмалық сыни көзбен қарайтындығын аудармашылар сезіну керек еді.

Бұл жерде, Э. Саидтың «Ориентализмінің» қазақ тіліндегі аудармасына қажеттілік керек пе еді деген ойдан аулақпыз, керісінше, қазақ тіліндегі аудармашылар өздеріне жүктелген жұмысқа (таралымы 10 мың дана!) үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс еді.

Мысал ретінде, қазақ және орыс тіліндегі аудармаларға салыстырмалы түрде көз жіберіп

көрейік. Қазақ тіліндегі аудармада автордың (Э.У. Саид) сілтемелері (ескертпелі) кітаптың соңында берілген, оқырмандар үшін ыңғайсыз. Ал, орыс тіліндегі аудармада автордың сілтемелері еңбектің әр бетінде берілген, ал еңбектегі әртүрлі еңбектер, авторлар, терминдер, оқиға т.б. мәселелерге байланысты деректерге аудармашының түсініктемесі кітап соңында көлемді түрде (545-632 беттер) берілген. Қазақ тіліндегі аудармада түсініктемелердің мүлдем болмауы оқырман үшін үлкен қиындық туғызады.

Сонымен бірге, орыс тіліндегі аудармада (2006 ж. басылым) «Ориентализмнің» авторы Э.У. Саид туралы Константин Крыловтың «Итоги Саида: жизнь и книга», – деген көлемді өмірбаяндық мақаласы берілген. Қазақ тіліндегі аудармада қазақ оқырманы үшін мұндай несібе бұйырмаған.

Келесі кемшіліктің бірі, қазақ тіліндегі аудармаға назар аударсақ, аударма Э.У. Саидтың «Ориентализм» еңбегінің 1978 ж. басылымы бойынша жасалған деген таңба тұр. Ал, «Ориентализмнің» 1995 ж. түзетіліп, толықтырылып шыққан 2-басылымына жазылған Э.У. Саидтың сөз соңы берілген.

«Ориентализмнің» қазақша аудармасындағы еңбек мазмұнының атауларына келер болсақ, біздің ойымызша, қазақ тілінің заңдылықтарын ескере отырып, түпнұсқадағы автордың ойын, мақсатын, толық мазмұнын ашып көрсететіндей сөйлемдерді қолдану дұрыс болар еді. Мысалы, бірінші бөлімнің атауы «Ориентализмнің аумағы», – деп аударылған, дұрысы «Ориентализмнің ауқымы», – болар еді (орыс тілінде – «Масштаб ориентализма»); бірінші тарауы «Шығысты білу», – деп аударылған, дұрысы «Шығысты тану арқылы», – деп аударылса (орысша – Познавая Востока) тараудың мазмұны, мақсаты кеңірек ашылар еді. Екінші тарау «Қиялдан шыққан география және оның: Шығыстың Шығысқа айналуы», – деп аударылған. Орыс тіліндегі аудармада бұл тарау «Имагинативная география и ее репрезентации: ориентализация Востока», – деп аударылған. Байқасаңыздар, орыс тіліндегі аударма автордың осы тараудағы негізгі ой-тұжырымын, мақсатын айқын көрсетеді, сондықтан да қазақша аудармасында «Имагинативтік география және оның репрезентациялары: Шығыстың ориентализациялануы», – деп аударылғаны дұрыстау болар еді. Себебі, қазақ тіліне аударылған «Ориентализмнің» келесі бөлімдердің тарауларында секуляризацияланған дін, рационалды антропология, лексикография, ориентализм атаулары,

сөз тіркестері түпнұсқа түрінде берілген және халықаралық терминдері сол күйінде жазу ғылыми аудармаларда көп қолданылатын тәжірибе.

Сонымен қатар, «Ориентализмнің» қазақша аудармасында француз тілінде түпнұсқада берілген сөйлемдердің қазақшаға аударылмауының (қараңыз: 228, 223, 232, 236 беттер) көптеп кездесуі қазақ оқырманы үшін қосымша қиындықтар туғызады.

Келесі назар аударатын мәселе, Э.У. Саидтың «Ориентализм» еңбегінде кездесетін көптеген авторлар, олардың еңбектері қазақша аудармада тек түпнұсқа негізінде (ағылшын, француз, т.б.) берілсе (17, 23, 24, 26, 27, 29, 130, 136 және т.б. беттер), ал (68, 81, 104, 115, 130 және т.б.) беттерде автор және еңбек атаулары түпнұсқа және қазақ тіліндегі аудармасымен қосарлана беріледі, кейбір жерлерде еңбектің тек қазақша атаулары беріледі. Бірізділік, реттіліктің сақталмауы да оқырман үшін қосымша кедергілер туғызады.

Жоғарыда айтылған ой-тұжырымдарды, сын-ескертпелерді қорытындылай келе, Э.У. Саидтың «Ориентализм» еңбегінің қазақ тіліндегі

аудармасын оқу барысында көп сөйлемдердің құрылымы қазақ тілінің ғылыми заңдылықтарын дұрыс сақтамағандықтан, аударманы қолданатын қазақ тілді оқырман шыдамды болуымен қатар, шет тілін, оның ішінде, ағылшын тілін білуіне немесе аударманың техникалық құралдарын қолдануға мәжбүр болуына әкеліп соғады деген ой туындайды. Ал, бұл жағдай оқырманның алтын уақытын жоғалтуына әкеліп соғады.

Қорыта келгенде, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы бойынша америкалық ғалым Э.У. Саидтың «Ориентализм» еңбегінің қазақ тіліндегі аудармасымен танысу, оқу барысында, жоғарыда айтылған сын-ескертпелермен қатар, бірнеше көкейтесті мәселелерге қатты көңіл бөлуіміз қажет. Біріншіден, қазақ тіліндегі аудармаға кәсіби аудармашылар мен мамандарды тарту қажет, екіншіден, аударылатын еңбектердің дер уақытта аударылуы барша оқырмандар үшін өте маңызды, үшіншіден, мүмкін, ең бастысы болар, қазақ тілді оқырманға үлкен құрметпен және жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруымыз қажет.